

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Ақпараттық технологиялар паркі" салық комитеті" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 мамырдағы N 572 қаулысы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 15-бабына сәйкес, сондай-ақ "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салықтық әкімшілік жүргізуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу кезеңіне "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Ақпараттық технологиялар паркі" салық комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.

2. Комитетті қаржыландыру тиісті жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 сәуірдегі N 495 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары қызметкерлері штат саны лимиттерінің шегінде Комитеттің штат санын белгілеу;

2) Комитет туралы ережені бекіту және оның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі